А.Асылбеков атындағы  жалпы білім беретін мектебі КММ

Бекітемін
Мектеп директоры:
_____Е.Е.Абаев
«26»тамыз 2025жыл

Келісемін
Әдіскердің міндетін атқарушы
________Темирова З.А
хаттама №__1___
«26» тамыз 2025 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытылудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытылудың үлгілік бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** **Шағын орталық**
**Мектеп:** **А.Асылбеков атындағы ЖББМ**
**Тәрбиеші :** **Жетписбаева Гуля Ералыевна** ***педагог-модератор***

***2025-2026 оқу жылы***

**Келісемін:**

**Әдіскер міндетін атқарушы**

**Темирова З.А.**

**«2» 09 2025 жыл**

**Топ/сынып** ересек топ

**Балалардың жасы** 4 жас

- **Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2025 оқу жылы қыркүйек айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене тәрбиесі** | - **Негізгі қимылдар:** өкшемен жүру: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) тепе-теңдікті сақтап жүру; аяқтың ұшымен жүгіру; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; бір орында тұрып секіру; заттардың арасымен доптарды домалату : сапқа тұру:<br>- **Ырғақтық жаттығулар**: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>- **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, (бір уақытта кезекпен) төмен түсіру; екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу; ( жылдам және бір қалыпты) аяқтың ұшына көтерілу және тұру;<br>- **Спорттық жаттығулар**: велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу.қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.балалардың доптармен, қозғалатын ойы, шықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. |
| | **Тіл дамыту** | - Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>- Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту.<br>- Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.<br>- Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | - Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>- Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға<br>- Қысқа өлеңдерді жатқа айту<br>- Санамақтарды жатқа айту. |
| | **Қазақ тілі** | - айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік беру;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді дамыту ;<br>- қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің ,жануарлардың құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру ;<br>- сөздерді жіктеп колдана білуге үйрету, қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті,бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру. |
| | **Математика негіздері** | - Балаларға жиын ұғымын таныстыру.<br>- 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.<br>- Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>- Балаларды геометриялық фигураларды үйрету. |
| | **Сурет салу** | - Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу<br>- Салынғын суреттің қасына басқа заттарды бейнелеу<br>- Салфнғын сурет арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>- Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. |
| | **Мүсіндеу** | - Ермексазбен таныстыра отырып, әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып бейнелер мүсіндеуу<br>- Сазбалшықпен таныстыра отырып түрлі бейнелер құрастыру.<br>- Пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу.<br>- Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа мән беру. |
| | **Жапсыру** | - Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты артыру<br>- Шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.<br>- Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>- Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | - Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру<br>- Қағаздан құрастыруға үйрету.<br>- Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>- қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен таныстыру |
| | **Қоршаған әлеммен танысу** | - Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.<br>- Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>- Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>- Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. |